ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 31 шілде №5165-24-00-2/1718 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.С.Чингиспаева,
сот отырысының хатшысы А.Амиркулованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Абдырахманова» Гүлжамила Икрамқызы Абдырахманова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі Ч.Рахметов
жауапкер Г.Абдырахманова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 3 мамырда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – талап қоюшы, тапсырыс беруші) мен дара кәсіпкер «Абдырахманова» Г. Абдырахманованың (бұдан әрі – жауапкер, өнім беруші) арасында №429 санды электронды түрде тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай өнім беруші шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде 1 680 000 теңгеге 8 дана бу тазартқыш (бұдан әрі - тауар) жеткізіп беруге міндеттеме алған.

Шарттың №2 қосымшасында тауардың техникалық ерекшелігі, яғни функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесі сипатталған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкерді шартқа сәйкес тауарды жеткізбегені үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкер жазбаша қарсы пікірінде талап қоюды мойындамай, тауарды уақытында жеткізіп, тапсырыс беруші қабылдап алғандықтан талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшының өкілі Ч.Рахметов талап қоюды қолдап, жауапкермен жеткізілген тауар техникалық ерекшеліктерге сай келмеуіне байланысты акт түзіліп, тауар қабылданбағананын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер Г.Абдырахманова талап қоюды мойындамай, тапсырыс берушінің қызметкерлерімен келісілген тауарды жеткізгенін, алайда тауар қабылданбай өзіне қайтарылғанын, ал техникалық ерекшеліктері бойынша тауарды бағасы жоғары болуына байланысты жеткізе алмайтынын мәлімдеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

АК-нің 392-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес сот шарт ережелерін түсіндірген кезде ондағы сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз мәні ескеріледі. Шарт ережесінің сөзбе-сөз мәні түсініксіз болған ретте ол бүкіл шарттың басқа ережелерімен және мағынасымен салыстыру арқылы анықталады.

Егер осы баптың бірінші тармағындағы ережелермен шарт мазмұнын анықтау мүмкін болмаса, шарт мақсатын ескере отырып тараптардың шын мәніндегі ортақ еркі анықталуға тиіс. Бұл орайда шарт жасасу алдындағы келіссөздер мен хат жазысуды, тараптардың өзара қатынастарында орныққан тәжірибені, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды, талаптардың бұдан кейінгі мінез-құлқын қоса алғанда, тиісті мән-жайлардың бәрі ескеріледі.

АК-нің 393-бабының 1-тармағына сай тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі.

Шарттың мәні туралы ережелер, заңдарда елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай-ақ бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер елеулі ережелер болып табылады.

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 07.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.09.2024, судья Чингиспаева К. С., 16.09.2024
5165-24-3-1/1668

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 46-бабына сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның талаптарына сай шарт 2024 жылдың 3 мамырдан бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарт талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

Шарттың 1.1-тармағының талаптарына сай өнім беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша тауарды жеткізуге міндеттенеді.

Шарттың №2 қосымшасында тауардың техникалық ерекшеліктерінде бу тазартқыш Karcher SC 5 Easy Fix Iron Kit 1.512-536.0 сипаттамасында болуы тиіс.

Сотта анықталғандай, өнім беруші тауарды 2024 жылғы 14 мамырда жеткізген, алайда тапсырыс берушімен тауар қабылданбаған.

2024 жылғы 17 мамырда тапсырыс берушімен тауар шарттың №2 қосымшасында көрсетілген техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмейтіні туралы акты жасалып, өнім берушіге тауар қайтарылған.

Демек, тауар шартта көрсетілген мерзімде өнім берушімен жеткізілгенімен тапсырыс беруші тауарды қабылдамаған.

Яғни, өнім беруші тарапынан шарт бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында техникалық ерекшелікке сәйкес келетін тауар 2024 жылғы 18 мамырға дейін жеткізілмей, шарттың талаптары орындалмаған.

Осыған байланысты, 2024 жылдың 28 мамырында жауапкерге шарт бұзылатыны туралы хабарламасы жолданған, алайда өнім беруші шартпен белгіленген міндеттемелерін орындамаған.

Сондықтан, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған салдарынан 2024 жылғы 20 маусымда шарт біржақты бұзылған.

Ал, жауапкер тарапынан шарт бойынша талап етілген тауарды жеткізгені және шарт талаптарын тиісті дәрежеде орындағаны жөнінде дәлелдемелер сотқа ұсынбаған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 07.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2024, судья Чингиспаева К. С., 16.09.2024

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Абдырахманова» Гүлжамила Икрамқызы Абдырахманова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Абдырахманова» Гүлжамила Икрамқызы Абдырахмановадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 07.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2024, судья Чингиспаева К. С., 16.09.2024